2.2. Серіктестіктің қызметі осы Жарғыда ескерілген қызмет түрлерімен шектелмейді. Жарғылық қызметтің шегінен шығатын, бірақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін мәмілелер күшінде деп танылады. Жоғарыда аталған қызмет түрлерінің барлығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.3. Серіктестіктің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес Серіктестіктің негізгі қызметімен қатар атқарылуға жататын және Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған кез келген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқығы бар.

2.4. Аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін Серіктестіктің төмендегідей құқықтары бар:

- шарттар (келісімдер, келісімшарттар) жасасу, өзіне міндеттемелер қабылдау, кәсіпорындармен, бірлестіктермен, мекемелермен, ұйымдармен, сондай-ақ жеке азаматтармен мәмілелер және өзге де құқықтық әрекеттер;
- кез келген мүліктік және мүліктік емес құқықтар, соның ішінде жылжымайтын және өзге де мүлікті сатып алу және табыстау, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, сатып алу, сату және басқа заңды және жеке тұлғаларға табыстау, айырбастау, жалға беру және алу, уақытша пайдалануға алу және беру, баланстан шығару және т.с.с.;
- бір немесе бірнеше қазақстандық банкте қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұлттық немесе шетелдік валютада шоттар ашу;
- Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар мен өкілдіктер құру, оларға негізгі және айналымдық қаражат беру;
- өзі қажет деп табатын шарттар бойынша және сондай валютада қарыздар мен несиелер алу, сондай-ақ Серіктестіктің мүлкінің барлығын немесе бір бөлігін, мүліктік құқықтары мен өзге де активтерін пайдалана отырып қарызға алынған, тартылған ақша қаражатын төлеуді қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасында да, сондай-ақ шетелде де одақтарға, қожалық қауымдастықтарға, концерндерге, консорциумдарға және басқа да бірлестіктерге қатысу;
- заңды және жеке тұлғаларға сенімхаттар беру;
- сот органдарында талапкер немесе жауапкер ретінде шығу;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;
- жекелеген жұмыстарды орындау үшін кез келген бағыттағы мамандарды тарту;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы тыйым салмаған басқа да құқықтарды жүзеге асыру.

3-бап. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Серіктестік заңды тұлға болып табылады және өзін мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап құрылған деп саналады. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмеген "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қантардағы №124-III Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Серіктестік кіші кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

3.2. Серіктестіктің меншік нысаны – жеке меншік.

3.3. Серіктестіктің жеке дара Құрылтайшысы (Қатысушысы), Серіктестіктің Жарғылық капиталының 100 (жүз) пайыз бөлігімен иеленеді:
Пастушенко Игорь Владимирович, Қазақстан Республикасының азаматы, жеке куәлігі № 012943400 ҚР ІІМ 25.07.2002 жылы берілген, СТН 151010845086, тұрақты мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Худин көшесі, 4 үй.

3.4. Серіктестіктің орналасқан жері және мекен-жайы: 060000, Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, А. Молдагалиева көшесі, 33 «А» үй.

3.5. Серіктестік коммерциялық ұйым болып табылады және толық шаруашылық есеп айырысу, өзін өзі қаржыландыру және өзін өзі өтеу негізінде әрекет етеді.

3.6. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді, ол мүлік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріліп алынуы мүмкін.

3.7. Серіктестік өзінің Құрылтайшының (Қатысушысының) міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Серіктестіктің Құрылтайшы (Қатысушысы) оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің қызметіне байланысты залал шегу тәуекелін өзі енгізген салымың құны шегінде көтереді. Егер Серіктестіктің Құрылтайшы (Қатысушысы) Жарғылық капиталға өзінің салымын толық енгізбеген жағдайда, Құрылтайшы (Қатысушы) оның міндеттемелері бойынша салымның енгізілмеген бөлігінің құны шегінде біріктірілген жауапкершілік көтереді.

3.8. Мемлекет, оның органдары мен ұйымдары Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, дәл солай Серіктестік те мемлекеттің, оның органдарының және ұйымдарының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3.9. Серіктестіктің өндірістік, коммерциялық және өзге де қызметіне мемлекеттік, қоғамдық және өзге де ұйымдар тарапынан араласға, егер бұл Серіктестіктің қызметін бақылауды жүзеге асыру жөніндегі олардың құқықтарына қатысы болмаса, жол берілмейді.

3.10. Серіктестіктің фирмалық атауы:

қазақ тілінде:

толықтай: «Артель Инжиниринг» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

қысқаша: «Артель Инжиниринг» ЖШС;

орыс тілінде:

толықтай: Товарищество с ограниченной ответственностью «Артель Инжиниринг»;

қысқаша: ТОО «Артель Инжиниринг»;

Аталған фирмалық атау Серіктестік, оның тапсырмасы бойынша және оның атынан жолданатын барлық құжаттарда, сондай-ақ Серіктестік қандай да бір құқықтық қарым-қатынаста тарап ретінде әрекет жасайтын барлық жағдайларда пайдаланылады.

3.11. Серіктестіктің өзінің меншікті мөрі, мөртабандары мен рәміздемесі бар, оларда Серіктестіктің фирмалық атауы көрсетілген.

4-бап. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ, КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ТАЗА ПАЙДАСЫ

4.1. Серіктестіктің мүлкі оның Құрылтайшысының (Қатысушысының) салымдарының, Серіктестік алған табыстың, санаткерлік шығармашылыҚ Қызметтің нысандандырылған нәтижелерінің; фирмалық атауы мен тауарлық белгілерінің; сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған өзге де көздердің есебінен қалыптастырылады.

4.2. Серіктестіктің мүлкі Серіктестіктің балансында есепке алынады.

4.3. Серіктестіктің Жарғылық капиталы 50 000 (елу мың) теңгені құрайды.

4.4. Серіктестік қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің Құрылтайшының (Қатысушысының) шешімі бойынша Жарғылық капиталының мөлшерін ұлғайта немесе азайта алады.

4.5. Серіктестік алған таза табысты Серіктестіктің Құрылтайшысына (Қатысушысына) үлестіру Серіктестіктің Құрылтайшысының (Қатысушысының) шешіміне сәйкес оның бір тоқсан, жарты жыл немесе бір жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша іске асырылады. Құрылтайшының (Қатысушының) сондай-ақ таза табысты немесе оның бір бөлігін Серіктестіктің Құрылтайшысына (Қатысушысына) үлестіруден алып тастау туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

4.6. Серіктестіктің Құрылтайшы (Қатысушысы) табысты үлестіру туралы шешім қабылдаған жағдайда, Құрылтайшының (Қатысушының) үлестірілетін табыстың Серіктестіктің Жарғылық капиталындағы өзінің үлесіне сәйкес бір бөлігін алуға құқығы бар. Төлемді Серіктестік Құрылтайшы (Қатысушы) таза табысты үлестіру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде ақшалай нысанда іске асыруға тиіс. Серіктестіктің барлық Жарғылық капиталы толық төленгенге дейін таза табысты Құрылтайшыға (Қатысушыға) үлестіруге Серіктестіктің құқығы жоқ.

4.7. Қолданыстағы заңнама нормаларымен көзделген тәртіпте таза табыс есебінен Құрылтайшының (Қатысушының) шешімі бойынша Серіктестікте төмендегілер құрылуы мүмкін:

- Резервтік капитал;
- Серіктестіктің қызметін жүзеге асыру үшін қажет басқа да қорлар.

Резервтік капиталдың қаражаты Серіктестіктің залалдарын жабу үшін пайдаланылады.

4.8. Серіктестік жұмыстар орындау мен қызметтер көрсетуді еркін немесе уағдаластық бағалар бойынша іске асырады.

4.9. Серіктестік қолданыстағы заңнамамен белгіленген мөлшерлерде және тәртіпте салықтар төлейді және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді іске асырады.

4.10. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзінің жұмысының шұғыл және бухгалтерлік есебін жүзеге асырады, статистикалық есеп-қисапты жүргізеді.

4.11. Серіктестіктің операциялық жылы Серіктестікті Мемлекеттік тіркеу күнінен басталып, сол жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын алғашқы операциялық жылды қоспағанда, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейін белгіленеді.

Серіктестіктің жылдық балансы мен есептемесі Серіктестіктің Құрылтайшысының (Қатысушысының) қарастыруына және бекітуіне ұсынылады.

5-бап. СЕРІКТЕСТІКТІ БАСҚАРУ

5.1. Серіктестіктің органдары төмендегілер болып табылады:

- **Жоғарғы орган** – Серіктестіктің Құрылтайшысы (Қатысушысы).
- **Атқарушы орган** – Серіктестікпен басқаруды Директор алқалық атқарушы орган құрмай, жүзеге асырады.

5.2. Серіктестіктің Құрылтайшысының (Қатысушысының) айрықша құзыретіне төмендегілер жатады:

5.2.1. Серіктестіктің Жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту немесе Серіктестіктің Жарғысының жаңа оқылымын бекіту;

5.2.2. Серіктестіктің жеке дара атқарушы органын –сайлау және кері шақырып алу;

5.2.3. Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға табыстау туралы шешім қабылдау және осындай табыстаудың шарттарын айқындау;

5.2.4. Серіктестіктің тексеру комиссиясын сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің тексеру комиссиясының есептемелері мен қорытындыларын бекіту;

5.2.5. Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп-қисабын бекіту және таза табысын үлестіру;

5.2.6. ішкі ережелерді, оларды қабылдау тәртібін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

5.2.7. Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;

5.2.8. Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

5.2.9. тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

5.2.10. Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге салым туралы шешім қабылдау;

5.2.11. Серіктестіктің мүлкіне Серіктестіктің Құрылтайшысының (Қатысушысының) қосымша жарналар енгізуі туралы шешім қабылдау.

5.3. Серіктестік Құрылтайшысының (Қатысушысының) ерекше құзыретіне кіретін мәселелерден басқа, Директор Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ету бойынша барлық мәселелерді шешеді. Директордың өкілдігі, қызмет ету және олармен шешім қабылдау тәртібі Серіктестік Құрылтайшысымен (Қатысушысымен) қабылданатын,осы Жарғымен, сонымен қатар ішкі Ережемен және басқа құжаттармен анықталады.

5.4. Директор:

- Серіктестікпен жалпы басқаруды жүзеге асырады;
- Сенімхатсыз Серіктестік атынан әрекет етеді;
- Серіктестіктің барлық қаржы құжаттарына қол қояды;
- Серіктестікті ұсынуға құқық беретін сенімхат беріледі, сонын ішінде үшінші тұлғаға сенімхатты беру құқығы да кіреді;
- Серіктестік жұмысшыларына қатысты оларды қызметке тағайындау, олардың қызметін ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтарды шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін, лауазымдық жалақы мөлшерін және жеке үстемақы және сыйақыны анықтайды, тәртіп жөніндегі жазалау және мадақтау шаралары қолданылады;
- Серіктестік Құрылтайшысының (Қатысушысыының) ерекше құзыретіне заңнамамен немесе осы Жарғымен жатпаған, басқа өкілдіктерді жүзеге асырады.

5.5. Директормен тағайындалған, тұлғалар, филиалдар немесе өкілдіктер қызметімен басқаруды жүзеге асырады. Филиал басшысы және өкілдік басшысы Серіктестіктен алған, сенімхат негізінде әрекет етеді.

5.6. Директорге тыйым салынады:

5.6.1. Серіктестікпен жалпы Жоғарғы органы келісімсіз мүліктік пайда алуға бағытталған, мәміле жасауға (сонын ішінде сыйға тарту, қарызға алу, өтеусіз пайдалану, сату- сатып алу және т.б. келісім-шарттар.);

5.6.2. Серіктестікпен үшінші тұлғалармен жасаған мәміле үшін, Серіктестіктен, не басқа үшінші тұлғалардан комиссиялық сыйақы алуға;

5.6.3. Серіктестікпен үшінші тұлғалардың қарым-қатынасында үшінші тұлғалар атынан немесе мүддесінде шығуға;

5.6.4. Серіктестік қызметімен бәсекелестікке шығатын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға. Осы баптың 5.6.1-5.6.4 тарауларында ескерілген шектеулер жұбайына, сонымен қатар Директордың тікелей туған туысқандарына, туған ағаларына, әпкелеріне таралады. Серіктестік Құрылтайшысы (Қатысушысы) осы бапта ескерілген, жоғарыда көрсетілген, тыйымдар, Директормен немесе оның туған

туысқандарымен жасалса, онда Серіктестікке келтірілген, шығындарды өтеуге сотта талап етуге құқығы бар.

5.7. Серіктестік Құрылтайшысының (Қатысушысының) шешімі бойынша Серіктестіктегі Директордың қаржы-шаруашылық қызметін қадағалау мақсатында құрамында үш адамнан көп емес ревизиялық комиссия құрылуы мүмкін.

Серіктестіктің ревизиялық комиссия құрамына Серіктестік Құрылтайшысы (Қатысушысы) немесе оның өкілі кіре алады.

Ревизиялық комиссияның өкілеттігі заңнамамен және Серіктестік Құрылтайшысымен (Қатысушысымен) қабылданатын, «Ревизиялық комиссия туралы» Ережемен анықталады. Серіктестіктің Директоры ревизиялық комиссияның мүшесі бола алмайды.

5.8. Құрылтайшының (Қатысушының) шешімімен құрамында үш адамнан көп емес, құзыретіне мына мәселелерді анықтау жататын байқағыш кеңес құрылуы мүмкін:

5.9.1 Серіктестік қызметінің басымды бағыттарын анықтау;

5.9.2 тоқсан сайын Директордың Серіктестік қызметі туралы есебін қарап, бекітеді, Бизнес жоспарларды бекітеді;

5.9.3 Серіктестік Құрылтайшысына (Қатысушысына) қарау үшін, осы Жарғымен және «Байқағыш кеңес туралы» Ережемен бекітілген тіртіп шеңберінде, оның ерекше құзыретіне жататын күн тәртібін әзірлейді және бекітеді;

5.9.4 Серіктестік Құрылтайшысының (Қатысушысының) шешімдерін орындайды, және осындай шешімдердің орындалуы туралы есептерді ұсынады;

5.9.5 Серіктестік Құрылтайшысының (Қатысушысының) ерекше құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Байқағыш кеңестің құрамына Серіктестік Құрылтайшысы (Қатысушысы) немесе оның өкілдері кіруі мүмкін.

Байқағыш кеңестің өкілеттігі заңнамамен және Серіктестік Құрылтайшысымен (Қатысушысымен) қабылданатын «Байқағыш кеңес туралы» Ережемен белгіленеді. Серіктестік Директоры Байқағыш кеңестің мүшесі бола алмайды.

6-бап. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушының құқығы:

1) заңда және серіктестік жарғысында қарастырылған тәртіпте серіктестік істерін басқаруға қатысу; қатысушы үлеске құқық алады және ол бойынша жарғылық капиталға қосылған жарнасы шегінде ғана дауыс беру құқығына ие болады;

2) серіктестік қызметі туралы ақпарат алу және серіктестік жарғысында қарастырылған тәртіпте оның бухгалтерлік және басқа да құжаттарымен танысу;

3) заңға, серіктестік құрылтай құжаттарына және оның жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес серіктестік қызметінен кіріс алу;

4) серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан қалған мүліктің бөлігінің құнын алу, немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша, осы мүліктің өзін заттай алу;

5) заңда қарастырылған тәртіп бойынша, өз үлесін шеттету арқылы серіктестікке қатысуын тоқтату;

6) заңда және (немесе) серіктестік жарғысында қарастырылған тәртіпте олардың құқықтарын бұзатын серіктесік органдарының шешімдерін сот арқылы даулау;

7) өз жарнасын толық мөлшерде енгізгенде, серіктестіктен оның серіктестікке қатысуы туралы куәлік алу;

8) серіктестіктен жарғылық капиталдың өсуі болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 353 бабына сәйкес жарнаның қайтаруды немесе тұрақсыздық айыбын төлеуді, немесе шығындарды өтеуді, соның ішінде жарна есебінде төленген мүлікті пайдалану мүмкіндігінің болмауы себепті жіберілген пайданы өтеуді талап ету;

9) серіктестік мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бөлігін өз қалауы бойынша серіктестіктің бір немесе бірнеше қатысушысына сату немесе басқа жолмен беру, серіктестіктің басқа қатысушысы алдында өз міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында үлесін кепілге қою;

10) қатысушылардың біреуі сатқан жағдайда қатысушы үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алуда үшінші жақтар алдында ерекше сатып алу құқығын пайдалану;

11) үлестерді сату сатушыға тәуелсіз себептер бойынша заңда қарастырылған тыйым салулар мен шектеулер қоюды сақтаумен жүргізіле алмайтын жағдайларда, жауапкершілігі щектеулі серіктестікке өзіне тиісілі үлесті сатып алуды немесе үшінші тұлғаларға сатылу мәселесін шешуді талап ету;

12) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушысы серіктестікке немесе оның қатысушыларына зиян келтірген жағдайда, оны келтірушіден зиянды өтеуін талап ету;

13) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалпы жиналысы кірісті қатысушылары арасында бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда, серіктестіктің жарғылық капиталындағы өзінің үлесіне сәйкес бөлінетін кірістің бір бөлігін алу;
14) жалпы жиналысқа қатысу, күн тәртібі мәселелерін талқылауға қатысу және шешім қабылдауда жеке немесе өкілі арқылы дауыс беру;
15) жалпы жиналыс күн тәртібі бойынша оның ашылуына он күн қалғаннан кешіктірмей өз ұсыныстарын енгізу;
16) атқарушы органдардан серіктестікке олардың немесе олардың туыстарының келтірген шығындарын серіктестікке қайтаруын сотта талап ету;
17) өз есебінен серіктестіктің қаржылық есеп беру аудитін өткізуді талап ету;
18) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің бөлінуі, бөлініп шығуы кезінде әрбір жаңадан пайда болған серіктестіктердің жарғылық капиталынан қайта ұйымдастырылатын серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысушы үлесіне тең үлесін алу;
19) хаттамалар кітабымен танысу.

6.2 Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушының міндеттері:
1) құрылтай құжаттарында қарастырылған тәртіпте, мөлшерде және мерзімде серіктестік жарғылық капиталына жарналар енгізу;
2) коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер тізіміне енгізілген мәліметтерді жарияламау;
3) серіктестікті тіркеу сәтіне дейін жарғылық капиталдың жалпы сомасының 25 пайызынан кем емес бөлігін енгізу (бірақ, жарғылық капиталдың ең аз мөлшерінен аз емес);
4) жалпы жиналыс шешімімен белгіленген мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына жарна енгізу, сонымен қатар, мұндай мерзім серіктестіктің тіркелген күнінен бастап бір жылдан аспауы керек;
5) қатысушы өз үлесін мерзімінде енгізбеген жағдайда, серіктестікке шығындарын өтеу;
6) өз үлесін немесе оның бір бөлігін үшінші жаққа сату ниеті туралы серіктестіктің атқарушы органына шамаланған сату құнын көрсете отырып, жазбаша хабарлау;
7) сатуға ұсынылатын үлесті толық немесе бір бөлігін сатып алу ниетін көрсете отырып, үлесті сатып алудағы ерекше құқығын жүзеге асыру тілегі туралы атқарушы органға жеті күндік мерзім ішінде хабарлау;
8) жарғылық капиталдың азаюы нәтижесінде оның мөлшері заңда қарастырылған ең аз мөлшерден азайған жағдайда, бір жыл ішінде жарғылық капиталға тиісті қосымша жарна енгізу.
9) аты-жөні, тұрақты мекен-жайы және төлқұжаттың мәліметі өзгергені туралы серіктестіктің атқарушы органына жазбаша хабарлау.

7-бап.СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

7.1. Серіктестік қатысушысының, ревизиялық комиссия мүшесінің, сыртқы аудитордың, үлестерін сатып алушының талабы бойынша Серіктестік бес күндік мерзім ішінде оларға Серіктестік құжаттарымен және қызметі туралы ақпаратпен танысуға мүмкіндік беруге міндетті.

7.2. Серіктестік құжаттары мен қызметі туралы ақпарат Серіктестік қатысушысына, ревизиялық комиссия мүшесіне, сыртқы аудиторға, Серіктестік үлестерін сатып алушыға бірінші талап бойынша жұмыс уақытында, Серіктестіктің атқарушы органының мекенжайында беріледі.

7.3. Серіктестік мүдделеріне қатысты ақпарат болып келесі ақпарат есептеледі:
- Серіктестік қатысушының, бақылау кеңесі, Серіктестіктің атқарушы органы, ревизиялық комиссиясы (ревизоры) қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдерді орындау туралы ақпарат;
- Серіктестіктің өзіндік капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын заемді Серіктестіктің алуы;
- нәтижесінде Серіктестіктің өзіндік капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын сомадағы мүлік сатылып алынатын немесе шеттетілетін Серіктестіктің ірі мәміле немесе өзара бір-бірімен байланысты мәмілелер қосындысын жасауы;
- Серіктестіктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір қызметтерді жасауға лицензия алуы, олардың күшінің доғарыла тұруы немесе тоқтатылуы, сонымен қатар, бұған дейін Серіктестіктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір қызметтерді жасауға алынған лицензиясынан айырылуы;
- Серіктестік мүлкіне тыйым салыну;
- төтенше сипаттағы, нәтижесінде баланстық құны Серіктестік активінің жалпы мөлшерінің он немесе одан артық пайызын құрайтын Серіктестік мүлкі жойылған міндеттемелердің басталуы;
- Серіктестіктің және (немесе) оның лауазымдық тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
- Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- аудиторлық есеп;
- Серіктестік жарғысына сәйкес, Серіктестік қатысушыларының мүдделеріне қатысты басқа ақпарат.

7.4. Серіктестік қызметі туралы құжаттар болып келесілер танылады:

- Серіктестік қатысушының, бақылау кеңесінің, Серіктестіктің атқарушы органының, ревизиялық комиссиясының (ревизорының) хаттамалары, Серіктестік атқарушы органының бұйрықтары мен өкімдері;
- заем шарттары, серіктестіктің өзіндік капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан артық пайыздарын құрайтын сомаға несиелік желілер беру туралы келісімдер;
- нәтижесінде серіктестіктің өзіндік капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан артық пайыздарын құрайтын сомаға мүлік сатылып алынатын немесе шеттетілетін келісімдер мен шарттар;
- лицензиялар, дицензияларды доғара тұру немесе тоқтату туралы құжаттар;
- Серіктестік мүлкіне тыйым салу туралы қаулылар;
- төтенше сипаттағы, нәтижесінде баланстық құны Серіктестік активінің жалпы мөлшерінің он немесе одан артық пайызын құрайтын Серіктестік мүлкі жойылған міндеттемелердің басталуын белгілейтін актілер;
- Серіктестіктің және (немесе) оның лауазымдық тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы туралы хаттамалар мен қаулылар;
- Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- Аудиторлық есеп.

7.5. Аталған құжаттар көшірмелері мүдделі адамдарға оларды жасауға жұмсалатын шығындардан аспайтын ақыға беріле алады.

7.6. Серіктестіктің атқарушы органы сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы серіктестіктің барлық қатысушыларын хабардар етуге міндетті.

7.7. Серіктестіктің қатысушыларына сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімінде көзделген тәртіппен (егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе), серіктестік соттың тиісті хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іске шақыруды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуге тиіс.

8-бап. СЕРІКТЕСТІК ҚҰЖАТТАРЫН САҚТАУ

8.1. Серіктестік өзінің қаражаты есебінен жасалған және оған заң негізінде келіп түскен құжаттардың иесі болып табылады.

8.2. Серіктестік аталған құжаттарды Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан орны бойынша келесі мекенжайда сақтайды.

8.3. Серіктестік ғылыми-тарихтық маңызы бар құжаттарды және жеке құрам бойынша құжаттарды мемлекеттік сақтауға тапсыруды қамтамасыз етеді.

9-бап. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Серіктестіктің Қатысушыларының құрамына және Серіктестіктің құрылтай құжаттарына кез келген өзгертулер мен толықтырулар заңнама белгілеген тәртіпте енгізіледі. Егер осы Жарғының ережелерінің қандай да біреуі жарамсыз болып қалса, мұның Жарғының басқа ережелеріне әсері болмайды.

9.2. Осы Жарғымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

10-бап. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІН ҚАЙТА ҚҰРУ, ТАРАТУ, ТОҚТАТУ

10.1. Қайта құру, тарату және тоқтату жұмыстары Қазақстан Республикасы заңдылықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Серіктестікті қайта құру және тарату былай жүзеге асуы мүмкін:

- Серіктестіктің Құрылтайшысының (Қатысушысының) шешімі бойынша;
- Сот шешіміне;

10.3. Серіктестікті тарату Серіктестіктің Құрылтайшысы (Қатысушысы) бекіткен Тарату комиссиясымен жүргізіледі, ал Серіктестік қызметін сот шешімі бойынша тоқтатқан жағдайда – сот тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді.

10.4. Тарату комиссиясы баспасөз басылымдарында Серіктестіктің таратылғаны туралы Әділет органдарына хабарлап және несие берушілердің арызын қабылдау уақыты мен тәртібін көрсетіп жариялауы керек.

10.5. Тарату комиссиясын тағайындаған уақыттан бастап, Серіктестік қызметін басқару өкілдігі оған ауысады. Тарату комиссиясы Серіктестіктің мүліктерін бағалайды, оның несие берушілері мен борышкерін анықтайды, несие берушілермен есептеседі және қарызды алуға шара қолданады, тарату балансын құрастырады, Серіктестіктің Құрылтайшысыға (Қатысушысыға) оны ұсынады.

10.6. Несие берушілердің талабын қанағаттандырған соң, қалған мүліктерді Серіктестікте қалған мүлік, Серіктестіктің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, соның ішінде заңнамалық кесімдермен көзделген өтемақылық төлемдер бойынша есеп айырысудан кейін және бюджеттің және Серіктестіктің несиегерлерінің алдындағы міндеттемелерді орындағаннан кейін Серіктестіктің Құрылтайшысының (Қатысушысының) меншігіне, оның Серіктестіктің Жарғылық капиталындағы салымына сайма сай мөлшерде ауысады. Серіктестіктің жалға алған немесе өтеусіз қолданыстағы ғимаратын, жайды, қондырғыларды және басқа да мүліктерді белгіленген тәртіп бойынша иесіне қайтарылады.

10.7. Серіктестікті тарату кезінде тіркеуші органға тарату балансы ұсынылады, оның негізінде Мемлекеттік тіркелімге Серіктестіктің таратылуы туралы тиісті жазба енгізіледі. Бұл туралы заңды тұлғалардың Мемлекеттік тіркеліміне жазба енгізілген сәттен бастап тарату аяқталды, ал Серіктестік өз қызметін тоқтатты деп саналады.

Пастушенко Игорь Владимирович,
Серіктестік Құрылтайшысы_____

Пастушенко Игорь Владимирович

ТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
Ү ОБЛЫСТЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ
МӨР БАСЫЛҒАН

БАРЛЫҒЫ 8 ПАРАҚ

09 . 06 2010 ж.